Дәріс 3.
Экскурсиялық істі жоспарлаудың теориялық алғы шарттары



Дәріскер: т.ғ.к., доцент Қ.Б. Баудиярова

Дәріс жоспары:

1. Музейлік білім концепциясындағы экскурсиялық жұмыстар
2. Музейлердің ашылуы мен экскурсиялық жұмыстардың байланысы
3. Экскурсиялық жұмыстың даму тарихындағы негізгі бағыттар

Мақсаты

Экскурсиялық ісітің теория тақырыптық экскурсияларды құрау тәсілін білу, музей құндылықтарына және тарихи-мәдени ескерткіштеріне қатысты мәселелерге өз ойын білдіруге үйрету

1. Экскурсиялық істің теориясын меңгеру
2. Тақырыптық экскурсия құрастыру тәсілдерін үйрену
3. Музей құндылықтары туралы пікір қалыптастыру
4. Тарихи-мәдени ескерткіштерге баға беру дағдыларын дамыту

Экскурсиялық іс ұғымы

Экскурсиялық іс – музей, туризм және білім беру салаларын біріктіретін, экскурсияны ұйымдастыру мен жүргізудің заңдылықтарын зерттейтін ғылым.



Құрамына кіреді:

- теория
- әдістеме
- тәжірибе

Нысаны мен пәні

Нысаны:

- Музей және оның қызметі
- Музейдегі экскурсиялық жұмыстар жүйесі
- Музейдің қоғаммен байланыс қызметі





Пәні:

- Экскурсант пен музей арасындағы өзара әрекет
- Экскурсия жүргізу үдерісі және оның кезеңдері
- Экскурсоводтың кәсіби шеберлігі мен әдістері
- Экскурсия барысында ақпаратты жеткізу тәсілдері

Экскурсиялық істің даму тарихы

Кезең
XIX ғ.
XX ғ. басы
Кеңес дәуірі (1920–1940 жж.)
Соғыс кезеңі (1941–1945 жж.)
1950–1980 жж.
1980–1990 жж.

Кеңестік кезеңдегі экскурсиялық істің дамуы

1. Саяси-ағарту бағытының күшеюі

- Экскурсиялар маркстік-лениндік идеологияны насихаттау құралына айналды.
- Музей қызметінің негізгі миссиясы – халықты коммунистік тұрғыдан тәрбиелеу болды.
- Мысалы, 1926 жылы Саяси-ағарту кеңесінің IV съезі музей экскурсияларын идеологиялық бағдарға бағыттады.

2. Экскурсия – идеологиялық құрал

- Музейлерде экскурсиялар тек білім беру ғана емес, саяси-ағарту функциясын атқарды.
- Кеңестік музей қызметінде “бұқаралық саяси-ағарту жұмыстары” термині кеңінен қолданылды.

Мысалы

- 1930 жылдары «Бүкілкеңестік пролетарлық туризм және экскурсияның еркін қоғамы» құрылып, экскурсиялық қызметті орталықтандырды.

3. Жаңа әдістер енгізілуі

- Диалог: экскурсовод пен келушілер арасындағы белсенді сұхбат.
- Сұрақ-жауап: қатысушылардың ойлау және түсіну қабілетін арттыру.
- Ойын элементтері: оқушылар мен студенттерге қызықтыру арқылы білім беру.
- Сахналандырылған көріністер: тарихи оқиғаларды көрсету арқылы эмоционалды әсер жасау.

Қазіргі кезеңдегі экскурсиялық іс

Қазіргі уақытта Қазақстандағы музейлер бұрынғыдан коммуникативті дамыған модельге көшті. Олардың қызметінде келуші тұлғаға бағыттау кеңінен байқалады. Музейлер тек экспонаттар қойылған орын емес, ғылыми-білім беру орталығы ретінде дамып келеді. Келушілерге тарихи-мәдени ақпаратты жеткізу арқылы олардың ойлау қабілетін, дүниетанымын, патриоттық сезімін қалыптастыру басты мақсатқа айналды.

Жаңа форматтағы іс-шаралар кеңінен енгізілді: интерактивті экскурсиялар, заманауи технологиямен жабдықталған көрмелер, “**Музей түні” акциялары,** презентациялар, спектакльдер. Бұл экскурсияларды қызықты әрі тиімді етіп, қатысушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Музейлердің кәсіби деңгейі де артты. Экскурсоводтар мен музей қызметкерлері жоғары білікті **мамандар ретінде даярланады**. Университеттерде музейтану мамандарының курстары енгізілген, бұл музей қызметін кәсіби тұрғыдан жетілдіруге жол ашты. Экскурсиялар әртүрлі аудиторияға бейімделген: мектеп оқушылары, студенттер, ересектер және шетелдік туристер үшін жеке тәсіл қолданылады.

Статистикалық мәліметтерге қарағанда, Қазақстанда шамамен 200 музей жұмыс істейді, жыл сайын оларды **1,3 миллионға жуық адам тамашалайды, ал 20 мыңнан астам көрме мен дәріс өткізілген**. Осылайша, қазіргі музейлер мен экскурсиялық іс халыққа қызмет көрсетуде тарихи-мәдени құндылықтарды насихаттаушы, білім беруші және тұлғаны дамытушы маңызды құралға айналды.



Қорытынды

Экскурсиялық іс – бұл музей, туризм және білім беру салаларын біріктіретін кешенді ғылыми пән. Оның негізгі мақсаты – музей мен келуші арасындағы байланысты дамыту, тарихи-мәдени құндылықтарды тиімді жеткізу және келушілердің танымдық қызметін ұйымдастыру.

Экскурсиялық істің тарихы бірнеше кезеңнен тұрады: XIX ғасырдағы алғашқы музейлер мен коллекциялардан бастап, XX ғасырдағы мектеп экскурсиялары, Кеңес дәуіріндегі идеологиялық бағыт, соғыс кезеңіндегі кадр тапшылығы, 1950–1980 жылдардағы ғылыми-ағартушылық даму, 1980–1990 жылдардағы коммуникациялық тәсілдер және Тәуелсіздік кезеңіндегі ұлттық концепциялар.

Қазіргі кезеңде музейлер келушіге бағытталған қызмет көрсетеді, интерактивті форматтарды қолданады, экскурсоводтар кәсіби біліктілікке ие және экскурсиялар әртүрлі аудиторияларға бейімделген. Музейлер білім беру, тәрбиелік, мәдени-танымдық миссиясын орындай отырып, Қазақстандағы тарихи-мәдени мұраны сақтау және насихаттаудың маңызды орталығы болып табылады.

Бекіту сұрақтары

1. Экскурсиялық практиканың рөлі қандай?
2. Басқа пәндермен байланысы неде?
3. Қандай әдістер қолданылады?
4. Даму кезеңдері қандай?
5. Кеңестік кезең ерекшелігі неде?
6. Негізгі даму бағыттарын атаңыз



Әдебиеттер тізімі

1. Савина Н.В., Горбылева З.М. – Экскурсоведение, 2004
2. Емельянов Б.В. – Экскурсоведение, 2002
3. Дьякова Р.А. – Основы экскурсоведения, 1985
4. Белугина Г.К. – Экскурсоведение, 2005
5. Юренева Т.Ю. – Музееведение, 2004
6. Шулепова Э.А. – Основы музееведения, 2005